

Практикада қолдану




1. Интернеттен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты фотосуреттердің бірін көшіріп, компьютерге сақта. Мысалы, 8, 9-суреттер.
2. Фотосуретті сақталған орнынан тінтуірдің көмегімен көшіріп ал. Графикалық редакторды іске қосып, **Файл** → **Создать** (Файл → Құру) командасын орында.
3. Суреттің параметрлерін тағайындау терезесінде көшірілген фотосуреттің өлшемдері пайда болады (алдыңғы тақырыптағы 2-сурет). Фотосуреттің сапасын арттыру үшін оның **Разрешение** (Айыру) 300 пиксель/см-ге өзгерт.
4. Редактордың құралдар тақтасындағы **Вставка** (Кірістіру) батырмасын басып, фотосуретті жұмыс алаңына орналастыр.
5. Таңдап алынған фотосуреттің түсінің сапасын **Коррекция** (Түзету) → **Кривые...** (Қисықтар...) командалары арқылы түзет.
6. Түзетілген фотосуретке **Эффекты** (Әсерлер) → **Художественный** (Көркемдік) → командаларын қолданып, майлы бояу әсерін бер.

Тапсырма 1.

-Эффекты (Әсерлер) бөлімінің ішкі мәзіріндегі әсерлердің түріне талдау жаса:

-Әр әсердің суретті қалай өзгертетінін жаз:

-Әсерлердің орысша атауларының қазақ тіліндегі баламасын жаз:



Тапсырма 2.

Графикалық редактордың көмегімен суреттің сапасын реттеу, оған әсерлер қосу қаншалықты маңызды?

Тапсырма 3. Орында



Сілтемеге өтіп
немесе кюар кодты
сканерлеп
тапсырманы
орында



Тапсырма 4. Орында



Сілтемеге өтіп
немесе кюар кодты
сканерлеп
тапсырманы
орында



Үй тапсырмасы

Өзің тұратын аймақтағы экологиялық мәселелерді шешуге қолдау көрсет. Ол үшін сол аймақтағы ең басты экологиялық мәселені анықтап, төмендегі тапсырмаларды орында:

- Таңдап алған мәселе бойынша «Біздің аймақтың экологиялық мәселесі» тақырыбында 3 слайдтан тұратын презентация жасауды жоспарла.
- Презентацияның слайдында мәселенің тақырыбы мен сол мәселені сипаттайтын мәтін тер.
- Презентацияға қажетті сурет немесе фотосуретті интернеттен ал.
- Таңдаған суреттеріңнің сапасын Paint.NET графикалық редакторында түзет. Суретке әсерлер беріп, презентацияға кірістір.